



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Желтоқсан 2024

Жылдық инфляция 2024 жылғы желтоқсанда 8,6%-ға дейін жеделдеді (қарашада – 8,4%). Азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі тиісінше 5,5%-ға (қарашада – 5,4%) және 8,3%-ға дейін (қарашада – 8,0%) жеделдеді. Ал ақылы көрсетілетін қызмет бағасының өсу үрдісі 13,3% деңгейінде өзгеріссіз қалды (қарашада – 13,3%).

Өңірлер арасында жылдық инфляция 10 өңірде жеделдеді, 9 өңірде баяулап, 1 өңірде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында (10,7%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 желтоқсан – 2024 желтоқсан), %-бен

Астана қ.	9,1 ————— 10,7	Қазақстан Республикасы	9,8 ————— 8,6
Қарағанды	11,1 ————— 9,6	Жетісу	10,0 ————— 8,4
Ақмола	10,7 ————— 9,3	Атырау	9,6 ————— 8,1
Солтүстік Қазақстан	10,5 ————— 9,3	Қызылорда	8,8 ————— 8,1
Алматы қ.	10,2 ————— 9,2	Қостанай	9,3 ————— 7,7
Маңғыстау	10,6 ————— 9,2	Павлодар	9,3 ————— 7,7
Абай	9,7 ————— 9,0	Ұлытау	10,5 ————— 7,7
Шығыс Қазақстан	10,1 ————— 8,8	Түркістан	10,2 ————— 7,5
Ақтөбе	9,3 ————— 8,7	Шымкент қ.	9,5 ————— 7,4
Батыс Қазақстан	9,2 ————— 8,7	Жамбыл	9,2 ————— 7,0
		Алматы	8,4 ————— 6,6

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Жетісу (7,9%), Ақмола (7,2%) облыстарында, Алматы қаласында (6,8%), Батыс Қазақстан (6,6%), Абай (6,5%), Қарағанды (6,4%), Маңғыстау және Шығыс Қазақстан (6,1%-дан), Атырау және Солтүстік Қазақстан (5,9%-дан), сондай-ақ Ақтөбе (5,8%) облыстарында ел бойынша қалыптасқан деңгейден (ж/ж 5,5%) жоғары қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы Түркістан (13,2%), Маңғыстау (12,4%), Солтүстік Қазақстан (10,0%), Атырау (9,3%), Шығыс Қазақстан (9,2%), Ұлытау (8,8%), Қарағанды (8,7%) облыстарында, Шымкент қаласында (8,7%), Ақмола (8,6%), Абай (8,5%), Қызылорда (8,4%) облыстарында елдегіден (ж/ж 8,3%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына өңірлерде: Астана қаласында (16,9%), Павлодар (14,5%), Ақтөбе (14,4%), Қарағанды (14,1%), Қызылорда (13,8%), Ақмола және Батыс Қазақстан (13,7%-дан) өңірлерінде, Алматы қаласында (13,6%), Жетісу (13,5%) және Солтүстік Қазақстанда (13,4%) жалпы республикалық деңгейден (ж/ж 13,3%) жоғары өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	5,5	8,3	13,3
Ақмола	7,2	8,6	13,7
Ақтөбе	5,8	7,6	14,4
Алматы	5,1	7,1	10,2
Атырау	5,9	9,3	10,7
Батыс Қазақстан	6,6	7,7	13,7
Жамбыл	4,9	6,7	13,2
Қарағанды	6,4	8,7	14,1
Қостанай	4,8	7,8	11,7
Қызылорда	4,8	8,4	13,8
Маңғыстау	6,1	12,4	10,6
Павлодар	4,9	5,3	14,5
Солтүстік Қазақстан	5,9	10,0	13,4
Түркістан	3,0	13,2	9,5
Шығыс Қазақстан	6,1	9,2	12,8
Астана қ.	4,4	7,8	16,9
Алматы қ.	6,8	6,7	13,6
Шымкент қ.	3,9	8,7	10,8
Абай	6,5	8,5	13,0
Жетісу	7,9	5,4	13,5
Ұлытау	4,4	8,8	11,7

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы желтоқсанда елде **айлық инфляция 0,9%** болды, бұл бұрынғы орташа мәнненⁱ (2017-2021 жылдардағы желтоқсанда 0,7%) жоғары. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында (1,6%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы желтоқсандағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдар кезеңіндегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы желтоқсандағы орташа мән	2024 жылғы желтоқсан	Өңірлер	5 жылғы желтоқсандағы орташа мән	2024 жылғы желтоқсан
Қазақстан Республикасы	0,7	0,9	Атырау	0,8	0,8
Астана қ.	0,6	1,6	Батыс Қазақстан	0,7	0,8
Жамбыл	0,8	1,3	Маңғыстау	0,6	0,8
Қарағанды	0,7	1,0	Солтүстік Қазақстан	0,8	0,8
Қостанай	0,8	1,0	Ақтөбе	0,6	0,7
Алматы қ.	0,8	1,0	Түркістан	0,5	0,7
Ұлытау	-	1,0	Шығыс Қазақстан	0,7	0,7
Ақмола	0,9	0,9	Қызылорда	0,8	0,6
Алматы	0,9	0,9	Шымкент қ. ⁱⁱ	0,6	0,6
Абай	-	0,9	Павлодар	0,6	0,3
Жетісу	-	0,9			

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 және 2023 жылдардағы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән